

Қарахан кесенесі



Қарахан кесенесі – ортағасырлық сәулет ескерткіші. Қараханидтер әулеті өкілдерінің біреуінің бейіті үстінде салынған. Кесене Қазақстан аумағындағы ортағасырлық сәулет өнерінің әсем үлгісі. Шамамен XI ғасырда салынған. Ол Тараз қаласындағы Төле би және Байзақ батыр көшелерінің қиылысында орналасқан.



Археологиялық қазба деректеріне қарағанда ғимаратты әрлеу үшін басында мүсінді кірпіштің 30 түрі қолданылған. Құрылыс шаршы формасында және порталды-күмбезді типіне жатады. Кесенеде 4 орын-жай бар - орталық зал және үш бұрыш залдар. Төртінші бұрышта төбеге шығатын баспалдақ бар. орта орын-жайдың төбесі киіз үйдегідей жабық. Артында екі мұнара бар. Кесененің басты кіреберісі оңтүстік жақта орналасқан, кіреберіс есігі оюлармен көмкерілген. Шет жақтарында мұнаралар орналасқан. Кіреберіс - арканың ішінде, оның екі жағы 3 текшеден тұрады: тікбұрышты, шаршы және сүйір формалы. рхеологиялық қазба деректеріне қарағанда имаратты әрлеу үшін басында мүсінді кірпіштің 30 түрі қолданылған.



Кесенені салу тарихы қызықты. Ол Қараханид әулетінен шыққан Тарз билеушісіне салынғаны белгілі. Аңыз бойынша Айша бибіге ғашық болып, оның қайғылы қазасынан кейін кесене салуға бұйрық берген билеушінің өзі.

Күмбезі ғана құлаған кесененің төрт қабырғасы мен жылтыр кірпішпен өрнектелген қос мұнарасы 19 ғасырдың 90-жылдарына шейін сақталған. 1905 жылы оның құлаған бөлігі түгелдей бұзып алынып, орнына 1906 жылы жаңа кесене салынған. Жаңа құрылысты сол кездегі Ташкент ишаны Сайд Бакханов қаржыландырған. Кейінгі салынған кесене алғашқысына ұқсамайды. Қас беті Айша бибі кесенесіне ұқсас болғанымен, кірпіштерінің өрнектеліп қалануы жағынан Бұқарадағы ортағасырлық Исмаил күмбезіне еліктеушілік байқалады. Қарахан кесенесі төрт бұрышты, ортаңғы кең бөлмеден және үш кіші бөліктен тұрады. Орталық бөлменің төбесі киіз үйге ұқсатылып жабылған. Артқы жағында екі мұнарасы бар. Кесененің қас беті оңтүстікке қараған, ал оның ішіндегі қабір оңт-тен солт-ке қаратыла қойылған. Кірер есігі аркалы қуыспен безендірілген. Қабырғаларының ішкі жағы кесененің бұрынғы өз кірпіштерімен қаланып, сыртқы жағын қалауға жаңа кірпіш пайдаланылған

Ресейдің сәулет өнерін бағалайтындар 1902 жылдың өзінде кесенеге таң қалған. 1906 жылы Қарахан кесенесі қайта салынды және құрылымдық принципін сақтағанмен, бастапқы архитектуралық-сәндік жабдығынан айрылып қалды. 1982 жылы республикалық маңызы бар Қазақ КСР тарихи және мәдени ескерткіштерінің тізіміне енгізілді.

АСТАНА. 26 мамыр. BAQ.KZ - Тараз қаласы еліміздегі 2 мыңжылдық тарихы бар көне қалалардың бірі. Қала орта ғасырларда гүлденіп, Орта Азиядағы өркениеттің бесігіне айналды. Көне Тараздың өркениетінен мұра болып келе жатқан Қарахан кесенесі (XI-XII ғ.ғ.) сол дәуірдің куәгері.

Қарахан кесенесі Ортағасырлық рабад аумағындағы діни-мемориалдық кешенге кіреді. Кесене Қараханидтер әулетінің көрнекті тұлғасының бірі - Шах Махмуд Қараханға арналып салынған. Кесенені салушы шебердің аты-жөні тарихта сақталмаған. Деректерге үңілсек, 1905 жылы оның құлаған бөлігі түгелдей бұзып алынып, орнына 1906 жылы жаңа кесене салынған. Жаңа құрылысты сол кездегі Ташкент ишаны Саид Бакханов қаржыландырған. Куәгерлердің айтуынша кейінгі салынған кесене алғашқысына ұқсамайды. Назарларыңызға кесене туралы арнайы фоторепортаж ұсынамыз.




Кесене орналасқан қорық аумағына кіреберісте ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың аманат хаты сақтаулы.



Кіреберіс маңдайшасы «Алладан басқа құдай жоқ, Мұхаммед оның елшісі» деген Құран сөздерімен өрнектелген.

Кесене Тараз қаласының 2000 жылдық мерекесіне орай 2002 жылы қайта жөндеуден өткен. Өкініштісі, кесененің бастапқы қалпы сақталмаған.



Кесененің ішкі көрінісі: дәл ортасында сағана орналасқан.



Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын!
“Бір Алладан басқа тәңір жоқ. Ол мәңгі тірі, бар нәрсені басқарып тұр. Ол қалғымайды, ұйықтамайды. Оның басқаруына көктегі, жердегінің барлығы кіреді. Оның хузырында өзінің рұқсатынсыз шапағат жасайтын кім болмақ? Алла олардың алдындағысында (дүниедегі), кейінгісінде (қияматте не боларын) біледі. Ал олар Алланың білдіргенінен басқа ештеңеніде сезбейді. Оның ауқымына аспанда, жерде сияды. Аспандыда, жердіде қорғау Аллаға қиын емес. Оның мәртебесі жоғары, барлығынан биік” (255).
Құрметті мұсылман қауым!
Аллаһ тағала тілеген тілектеріңізді қабыл еткей.
Әмин!

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
اللَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ
الْحَيُّ الْقَيُّومُ لَا تَأْخُذُهُ سِنَّةٌ وَلَا نَوْمٌ
لَهُ مَا فِي السَّمَوَاتِ وَمَا فِي الْأَرْضِ مَنْ ذَا الَّذِي
يَشْفَعُ عِنْدَهُ إِلَّا بِإِذْنِهِ يَعْلَمُ مَا بَيْنَ
أَيْدِيهِمْ وَمَا خَلْفَهُمْ وَلَا يُحِيطُونَ بِشَيْءٍ
مِّنْ عِلْمِهِ إِلَّا بِمَا شَاءَ وَسِعَ كُرْسِيُّهُ
السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضَ وَلَا يَئُودُهُ حِفْظُهُمَا
وَهُوَ الْعَلِيُّ الْعَظِيمُ

Кесене орналасқан аумақта Қасиетті Құранның «Бақара» сүресі жазылған құлпытас қойылған.



«Қарахан баба» намазханасы (кейін салынған ғимарат).

Кесенеге қатысты деректер:

- Қарахан кесенесі оғыз-қыпшақ дәуіріне жататын тарихи ескерткіш болып саналады.
- 1902 жылы Ресей империясындағы ең тамаша сәулет ескерткіші ретінде танылды.
- Кесене 30 түрлі кірпіштен салынған.
- Бұл кесене «Жамбылдың жеті ғажайыбы» атты тізімге енеді.
- Республикалық Кеңестің шешімімен кесене 1982 жылы мемлекеттік қорғауға алынды.
- Кесенені алғаш рет зерттеген орыс ғалымы, өнертанушы Борис Денике болатын. Кесене туралы мәліметті «Архитектурный орнамент Средней Азии» атты еңбегіне енгізді.
- Тараз қаласы 1836-1936 жылдары осы кесененің құрметіне Әулие ата деп аталды.